

Уран өнімінің экспорты туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1192 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы
N 406 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406
Қаулысымен.**

"Қару-жаракқа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялаудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ) "Үлбі металлургия зауыты" ашық акционерлік қоғамы, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ және "Ньюкем Ньюклеа ГмбХ" арасындағы 2000 жылғы 28 наурыздағы U 308 нысандағы уран материалын сату және сатып алуға нөмірсіз келісім-шартының ережелеріне сәйкес 46700 (+/- 2%) килограмм мөлшерде U (СЭҚ ТН коды 284410390) табиғи уранның шала тотығы - тотығының Қазақстан Республикасынан экспортына рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өнімді экспорттауға заңнамада белгіленген тәртіппен лицензия б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті жоғарыда көрсетілген өнімнің кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

